



Алғыс айту күні



1 наурыз – Алғыс айту күні. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойған болатын.

Алғыс айту күні – күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күн.

Президент Алғыс айту күні туралы: «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этностардың бір біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді», – деген болатын.

Алғыс айту күніне орай колледжде сынып сағаттар өткізілді.

1 курс студенттеріне бейне роликтер, презентациялар көрсетіліп, білім алушылар бір-біріне және ұстаздарға деген алғыстарын жеткізді. 2-3 курс студенттері қашықтықтан әлеуметтік желі арқылы өз алғыстарын білдірді.

Акция "Милосердие - 30 добрых дел"

«В рамках благотворительного марафона «Караван милосердия: 30 добрых дел» в течение 2021 года во всех регионах страны планируется проведение: благотворительных акций «Жақсылық жаса», «Подари жизнь», «Жақсылық жасауға кешікпе!», «Жүректен шыққан алғыс», «Ардагерлерге құрмет» и другие. Они направлены на поддержку многодетных и малообеспеченных семей, ветеранов и пожилых людей продуктами корзинами, одеждой и лекарствами и ряд других мер»

1 марта 2021 года стартовала Акция "Милосердие-30 добрых дел" Вооружившись лопатами, волонтеры клуба "Ашық жүрек" берутся за дело.



В продолжений акция "30 добрых дел" в преддверии 30 летию Независимости Республики Казахстан.

Волонтеры клуба "Ашық жүрек" вместе с воспитателем Каукуновым Н.Т. оказали помощь по очистке снега придворовых территорий, ветерану труда колледжа Мамчура Г.И..

Алғыс айту күні 1 стр.



8 - наурыз Халықаралық әйелдер күні – 2 бет.



Наурыз- көктем мейрамы - 3 стр.



Адалдық сағаты – 4 стр.



Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналыс

7 наурыз күні Агротехникалық колледжінің акт залында Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналыс өтті. Барлық қатысушыларды колледж басшысы Қанат Отызбайұлы Сүйіндіков құттықтап, көктемгі көңіл-күй мен жұмыста табыс тіледі! Адал еңбегі, жоғары кәсібилігі, өскелең ұрпақтың дамуына қосқан елеулі жеке үлесі және 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай Алғыс хаттармен және кәсіподақ комитетінің Құрмет грамоталарымен адамзаттың нәзік жандарын үздік өкілдері марапатталды. Астрахан ауылының Агротехникалық колледжінің ұжымы барлық әйелдерді, қыздарды, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтайды!!!



Шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Көктем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеріңізге нұр шашсын. Әрқашан шаңырақтарыңызда береке болып, үйіңізден жылылық кетпесін. Ана қуанышы, әйел қуанышы - әр үйдің, отбасының, Отанның мерейі. Деніңізге саулық, отбасыңызға береке - бірлік, мол табыс, қызметте өрлеу және махаббат пен әсемдік тілейміз!

«Наурыз қызқалдақтары»



Фото - конкурса творческих работ «Ғажайып - табиғат», посвященного празднованию Наурыз Мейрамы

Сроки проведения: с 11 марта 2021 г. по 15 марта 2021г

1. Общие положения.
1.1 Настоящее Положение о фото - конкурсе творческих работ «Ғажайып - табиғат» устанавливает цели, определяет порядок организации и проведения конкурса.

1.2 Цель Конкурса – Предоставить участникам великолепную возможность в соревновательной форме развить и продемонстрировать свои интеллектуальные и творческие способности, активизировать творческую деятельность.

1.3 Участники конкурса Студенты колледжа - 1 – 3 курс
2. Номинации конкурса. «Пейзажи», «Животный мир», «Растительный мир»
На фотографиях должны быть изображены необычные,



разнообразные моменты из жизни живой природы, которая окружает нас
3. Порядок участия в конкурсе.
3.1 Для участия в конкурсе необходимо выбрать любую, из представленных номинаций и предоставить фотографии.

Координатор конкурса:
Педагог-психолог Приходько Оксана

Агротехникалық колледждің би тобы Наурыз Мейрамын тойлау аясында, Аршалы Агротехникалық колледжден «Наурыз қызқалдақтары» челленджен қабылдады және челленджді Бозайғыр мектеп-интернат колледжіне тапсырады.
Би жастар ісі жөніндегі инспектор Сандұғаш Таңатқызының және студенттердің жетекшілігімен дайындалды: Казбекова Аружан, Щербина Татьяна, Вежливцева Милана, Смаилова Назира, Трефилова Ксения, Середа Наталья, Добрынева Наталья, Бутенко Алина, Базылова Карагоз, Бейсенбаева Алтыншаш.
Наурыз Мейрамы құтты болсын!

Наурыз - көктем мейрамы

Наурыз-барлық

қазақстандықтардың көктемгі жаңару, бірлік және достық мерекесі, ол шынайы халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтауға ықпал етеді.

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай колледжде "Наурыз — көктем мейрамы" колледжден тыс шығармашылық конкурсы ұйымдастырылды. Конкурс 1,2 және 3 курс студенттері арасында 12-18 наурыз аралығында қашықтықтан өткізілді.

Байқаудың Мақсаттары:

- ұлттық тағамдар дәстүрлерін жаңғырту;
- дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салтын насихаттау;
- гастрономиялық туризмді дамыту;
- қатысушыларды кәсіби және шығармашылық іске асыру;
- ұлтаралық байланыстарды нығайту.

Қатысушылардың тамағын бағалауды және жеңімпаздарды анықтауды қазылар алқасы жүзеге асырды.



Байқау қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар анықталып марапатталды:

I дәрежелі диплом - Толегенова Зарема (3000 бірлік); II дәрежелі диплом - Бияхметова Жулдыз (2000 бірлік); III дәрежелі диплом - Далибаева Гулзира (1000 бірлік) сыйлықтармен марапатталды және келесідей номинациялар бойынша мадақтамалармен марапатталды: “Ұлттық тағамды үздік ұсынылуы” Баянмөнх Айдос ОП-19/66, “Заманауи ұлттық тағамдар тенденциясы” Мандрова Виктория ОП - 18/62, “Ұлттық тағам ерекше ұсынылуы” Трефилова Ксения ОП - 20/67, “Ұлттық тағамның ең қызықты тарихы” Кузько Валентина П -18/61, “Қазақ ұлттық тағамдарының ерекше сипаты” Ортлиб Зайтуна ОП - 19/65, “Қазақ ұлттық тағамының үздік сипаттамасы” Боканова Мадина ОП - 19/65, “Қазақ ұлттық тағамдарының дәтүрлі дайындау құндықтарын қайта тудыру Толгенова Арайжан ОП - 18/62, “Ұлттық тағам әзірлеудің үздік технологиялық сипаттамасы” Белая Виктория ОП - 18/62.

“Асыл мұра” көрмесі.



Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық әкелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Ұлыстың Ұлы күні наурыз мейрамына арналған қолөнер бұйымдарынан жасалған “Асыл мұра” көрмесі.

*Әлеуметтік педагог: Абдибекова
Сандуғаш Бақтыгелдіқызы,
Өндірістік оқыту шебері: Кожабаяв
Есен Мұратұлы.*

Құрметті әріптестер, серіктестер, Астрахан ауданының тұрғындары келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз Мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Тарихи тамыры тереңге бой алған эз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. Қазақстан халқы үшін Наурыз Мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке.

Наурыз — көктемгі жаңарудың, махаббаттың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі. Ол — өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең.

Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін.

Еліміз өркен жайып, Наурыз баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

*Ізгі ниетпен, «Астрахан ауданы,
Агротехникалық колледжі»
МККҚ басшысы
Қанат Отызбайұлы Сүйіндіков*

Лекция по Профилактики подростковой преступности



29 марта прошла лекция на тему "Профилактика подростковой преступности", спикер старший УИП ГЮП ОП Астраханского района Абенова Алия Сериковна.

"Ас адамның арқауы" байқауы



Наурыз Мейрамына арналған Астрахан ауданы бойынша "Ас адамның арқауы" байқауына "Астрахан ауылы, Агротехникалық колледжі" студенттері қатысты. Олар Бияхметова Жұлдыз II орынды иеленіп тоқ шәйнек ұтты және Толегеновна Арайжан, Толегеновна Зарема, Далибаева Гульзира Мадақтамамен марапатталды. Марапатқа колледж атынан жастар ісі жөніндегі инспекторы Каиржанова С.Т. қатысты.

Студенттерімізді Құттықтаймыз! Жетістіктеріңіз көп болсын.

Тарихқа тағзым күніне арналған диктант



2021 жылдың 17 наурыз "Тарихқа тағзым күніне" арналған колледж студенттерінен Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен "Наурыз мейрамы" атты тақырыбында Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кеншиликова М. М диктант өткізді.

АДАЛДЫҚ САҒАТЫ: «ТУРАЛЫҚТЫ ТҰҒЫР ЕТКЕН ТӨЛЕ БИ»



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кезекті «Адалдық сағаты» қазақ халқының шешендік өнеріне, ел бірлігін нығайтуға орасан үлес қосқан ойшыл, дана, туралығын айтар шешен Төле би бабамыздың жас ұрпаққа өнеге болар ғибратты ғұмыры мен өсиеттеріне,

даналығы мен жеке қасиеттеріне арналды.

«Туралықты тұғыр еткен Төле би» тақырыбындағы онлайн-бейнедәріс барысында жастар Төле бидің осынша тарихи биік тұлға дәрежесіне жетуіне себеп болған тұлғалық қасиеттерімен танысты.

Естеріңізге сала кетсек, Агенттікпен жастар арасында парасаттылық пен патриоттық сезімді нығайту мақсатында, әр апта сайын атақты тұлғалар мен Қазақстанның жас көшбасшыларының еңбегі мен өмір жолына негізделген онлайн «Адалдық сағаттары» өткізілуде.

ҚАЗЫБЕК БИ МҰРАСЫНДАҒЫ ПАРАСАТТЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ



Әділдік, парасаттылық қағидаттары және дала данышпаны, Қазақ хандығының көрнекті саяси қайраткері Қазыбек бидің дана сөздері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кезекті «Адалдық сағатына» арқау болып колледж студенттеріне өткізілді.

О вреде и пользе социальных сетей



Задумывались ли вы о том, как часто заходите в социальные сети или переписываетесь в мессенджерах? Несколько раз в неделю? Пару раз в день? Более 70 % взрослых пользуются соцсетями, тратя на них в среднем 23 часа в неделю. Эта

цифра вполне эквивалентна работе с частичной занятостью!

Вы просыпаетесь и сразу берете в руки смартфон, листаете ленты в соцсетях, пока завтракаете, пьете кофе, едете на работу. 26 % человечества увеличили эту цифру до семи часов.

15 марта текущего года социальный педагог Абдибекова С.Б. опубликовала на социальных сетях колледжа видеобращение к студентам о вреде и пользе социальных сетей.

Соц.педагог: Абдибекова С.Б.